

соңғы жылдары терең толғандырып келеді. Өндірістің дамуы мен өнеркәсіп орындарының ұлғаюы, техниканы пайдаланушылар санының өсуі секілді өркениет үрдісімен үндес шаруалар екінші жағынан табиғатты тамылжыған күйде қалдыруға кері әсерін тигізуде.

Өзіміздің мысты өлкеде осындай ойды онға, сананы санға бөлетін салмақты әрі түйінді шаруаларды оңтайлы шешуде жүзеге асырылып жатқан шаралардың бар екені де күмәнсіз. Жезқазған қаласының жер ауданы бүгінгі күнге 859872 гектарды құрайды, оның 683775 гектары қаладан тысқары аумақ. Жалпы жер көлемі ауылшаруашылығына арналғаны- 831701 гектар, өнеркәсіп, көлік және байланыс құрылымдарына қатыстысы- 14513 гектар, су қоры 8644 гектар болып бөлінеді. Тіршіліктің тіні – Табиғат-Ананың тамылжыған тамаша қалпын сақтауға барша адамзат жан-тәнімен ықыласты екендігі күмәнсіз. Алайда, өндірістің өркендеуі, одан туындайтын экологиялық қиындықтар, басқа да себептер мен салдарлар қоршаған ортаның кескін-келбетіне елеулі зиянын тигізіп келеді [4].

Осыларды шешу проблемалар экологияны бұзу проблемаларына тікелей айланысты. Бұдан табиғат экологиясын бұзғыштар санын азайту керек деген ой туындаса да, оларды дұрыс шешу жолданыр табу жағынан көңіл бөлу керек деген ойдамын. Кейбір жерлерде қан төгіс соқтығыс салдарынан, табиғат апаттарынан тағы да басқа жағдайлармен адам санының азайып та жатқанын көріп отырмыз. Бұл да табиғат заңдылығы деп түсінгеніміз дұрыс болар.

Қорыта айтқанда, экологиялық апат мәселесі қазір бар әлемді толғандырып отыр. Балқаш тағдыры алаңдатқалы да жылыстап жылдар ауысты. 2000 жылы Алматыда өткен үлкен форумда, одан кейін Балқашта өткен Парламент мәжілісінің бір топ депутаттары мен табиғат қорғау мамандарынан құралған көшпелі мәжіліс те, жалпы қаладағы табиғат жанашырларының бірлестік ұйымдары да бұл мәселені жан-жақты терең талқылап, саралап келеді. Уақыт алмасқан сайын адам қолымен «екінші табиғат». Ол өндірістік өркениет деген мағынада жасалып, алға қарыштап қадам басқан сайын жаңа қиындықтар мен шешімі түйткілді мәселелер көбейе береді. Ал оны шешу біздің болашақ дизайнерлеріміздің үлесінде.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Әміреева К. Тозған жерде тоқшылық болмайды // Орталық Қазақстан. - 2004.-5 маусым
2. Балқаштың өнімін американдықтар тұтынады: Қазақстанда жасалған//Мысты өңір.-2004.-18 маусым
3. Әбеу Б. Қазақстанда қанша киік қалды?// Б.Әбеу//Мысты өңір-2004.-21 мамыр.
4. Айтуғанов Қ. Ресей зымырандарын құлатпауға мүдделі: Экология және бизнес// Орталық Қазақстан.- 2000.-26 қаңтар

Әмірзада А., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КФ-31 тобының студенті

(Ғылыми жетекші – г.ғ.м., оқытушы **Хасенов Б.Р.**)

ҚАЗАҚ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРІНІҢ ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИ БАСТАУЛАРЫ

Қазіргі таңда ғалымдар структуралық, яғни құрылымдық тіл білімінің бұрынғы жетістіктерін қайтадан сарапқа салып, белгілі бір мақсатқа жетуде, міндеттерді өзге ғылым салаларымен байланыстыра қарастыруда. «Өнер алды – қызыл тіл» деп бабаларымыз тілді кез келген өнердің басы деп бағалаған болатын. Тілдің бар мүмкіншілігін сарқа пайдалану – бүгінгі күннің талабы. Себебі тіл – ұлтты ұйыстырушы ғана емес, ұлтты танудың көзі. Ұлттың білімі, мінезі, дәстүрі, мәдениеті, ойлауы – бәрі де тілінде көрінеді.

Қазақ тіл білімінің жаңа салаларының бірі – этнолингвистика. Бұл жаңа парадигма тіл мен халықтың тығыз байланысы негізінде қарастырады. Этнолингвистика туралы ойлар В.Гумбольд, И.Гердер, т.б. еңбектерінде айтылған. XX ғасырдың басында аты аталған ғалымдардың идеяларын Э.Сепир бастаған ғалымдар дамытты. Қазақ тіл білімінде 70- жылдардан бастап Ә.Қайдардың басшылығымен этнолингвистиканы зерттеу қолға алынды. Ғалымның жетекшілігімен бірнеше диссертациялар қорғалды. Атап айтсақ, Ә.Ахметов, Р.Н.Шойбеков, Ж.А.Манкеева, Р.Б.Иманалиева, А.Ж.Мұқатаева, Қ.Ғабиханұлы және т.б. еңбектерін атап өтуге болады [1, 7 б.]. Қазақ этнолингвистикасын зерттеуде ғалым Е.Жанпейісов пен М.М.Копыленконың еңбектерінің орны айрықша.

Тіл халықтың рухани және материалды мәдениетін сақтайды. Тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа ұлттық ақпар жетеді. Этнолингвистика ұлттың тілі арқылы жеткен мұраны халықтың кәсібімен, шаруашлығымен, тыныс-тіршілігімен, салт-дәстүрімен байланыстып зерттейді. Ұлт туралы ақпар бейнелі, тұрақты сөздерде сақталады. Ғалымдар бұларды бір атаумен «этнолингвистикалық арналар» деп те атайды. Оларға мыналар жатады: баламалар, тұрақты тенеулер, фразеологизмдер, мақал – мәтелдер, жұмбақтар, ауыз әдебиеті үлгілері. Осылардың ішінен біз фразеологизмдерді қарастыратын боламыз. «Соңғы жылдары фразеологизмдерді тілден тыс факторлармен байланыстырып қарастыруға ерекше көңіл бөлініп, олардың этнолингвистикалық, психолінгвистикалық, танымдық қырларын зерттеу барысында бұрынғы құрылымдық бағыттан гөрі антропоцентристік бағыт басым бола бастады. Тілдік бірліктерді антропоцентристік бағытта зерттеудің қазақ ұлтының мәдениеті мен материалдық дүниесін түсінуде маңызы зор. Өйткені қазіргі заман талабына байланысты фразеологизмдерді тек тілдік жағынан қарастырудың жеткіліксіз екені белгілі болып отыр, себебі осындай бағыттағы зерттеулерде халықтың ұжымдық тәжірибесі, шаруашылығы, адамдардың бір-бірімен байланысы, қоғамдық қатынастар, дүниетанымдық ерекшеліктер, материалдық және рухани мәдениет назардан тыс қалып қояды. Сондықтан фразеологизмдердің қалыптасуының тарихи, мәдени негіздері, уәжділігінің этномәдени мәнділігі жағынан қарастыру халқымыздың өткен кезеңдердегі мәдениетін танып білуде аса нәтижелі болмақ» [2, 28 б.]. Осы тұрғыдан алғанда фразеологизмдердің шығу арналары тарихын анықтау маңызды деп есептейміз.

Фразеологизмдердің астарындағы ертегілік, аңыздық сипат негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестер тобы мифтік, ертегілік сюжетті фактілермен түсіндіріледі. А.А.Потебняның теориясы бойынша, тілдің барлық рухани эволюциясының алғашқы нүктесі, бастауы – миф. Ол тіл дамуын: миф-поэзия-проза сатысында көрсетеді. Ал фольклордың ең көне жанры миф адамзаттың алғашқы қауым болып өмір сүрген шағында пайда болған. Уақыт өте келе миф өзінің қасиеттілік әрі құпиялық сипатынан айырылып, ыдырауға ұшырауына рулық қоғамның күйреуі, бұрынғы наным мен ұғымдардың өзгеруі және т.б. себептер әсер етеді. Осындай өзгеру, жаңғыру барысында мифтің сюжеті әр түрлі жағдайды бастан кешіріп, сол халықтың өмірімен, тарихымен байланыстырылады. Сөйтіп, ерте замандағы көне мифтер аңыз-әңгіме, ертегілерге айналады. Сондықтан тұрақты тіркестердің қалыптасуында ертегілік, аңыздық уәждер ерекше орын алады. Осы орайда *жер жұту, бақыт құсы қону, сырға салу, жон терісін сыпыру, Қайда барсаң Қорқыттың көрі т.б.* тұрақты тіркестер тілде өз көрінісін тапты. Мысалы: «Бақытты болу» мағынасын беретін «бақыт қону» тұрақты тіркесіне негіз болған уәжді ертегілік сюжеттерден жиі байқаймыз».

«Біздің патшамыңыз қайтыс болар алдында жұртын жиып былай деп өсиет айтты. Мен өлген соң сендер патшалыққа қаласыңдар, менің арнайы бағып келе жатқан «бақыт құс» деген құсым бар. Мені жерлегеннен кейін үшінші күні маған бағынышты халық түгел жиналсын, содан соң осы бақыт құсымды аспанға ұшырып жіберіңдер. Бақыт құсым кімнің басына келіп қонса, сол менің орныма патша болсын» (ҚЕ. Ғышша. 3-т. 39б.).

«Ел ханның орнына хан сайламақ болады. Бұл елдің заңы бойынша «бақыт құсы» деген болады екен. Сол құсты үш күндік жерден ұшырып, құс кімнің үйінің төбесіне қонса, сол кісі хан болады» (Қ.Е.Бақыт құсы. 2-т. 110 б.).

Осындай «бақыт құс» бейнесін «Ер Төстік» ертегісінде суреттеледі. Халқымыз жер асты әлемін жылан, айдаһар арқылы, ал аспан әлемін құс арқылы бейнелейді. Қашанда құсты қаділі, киелі санады. Тіпті аттың өзін де құсқа теңеді. Сондықтан да болар жақсы ат пен құсты жеті қазына қатарына жатқызды. Осының бәрі тіліміздегі «басына бақыт құсы қонды» деген тұрақты тіркестің қалыптасуына негіз болса керек. [3, 14-15 б.]

Ерте заманда, алып Алтай тауын қоныстанған бір қауым жұрт болыпты. Бір жылы қыста кенеттен құрық бойы қар жауып, ауыр апатқа ұшырапты. Тек Аю батыр мен Айсұлу атты ару аман қалыпты. Орман тауды ойсыратқан қар түз тағысы аң-құстарды да ауыр апатқа ұшыратқан еді. Аң аулай алмаған Аю батыр мен Айсұлу әбден ашығып, өлім халіне жетеді. Олардың қолынан келері отты үзбей жаға беру болады. Сөйтіп отырғанда, үңгірдің астынан дыбырлаған дыбыс естіледі. Байқап көрсе, үңгірдің астында қоянның іні бар екен. Үңгірде бүрісіп жатқан қояндар отқа бойы жылынып, орындарынан тұрып, дыбырлап жүріпті. Сонымен бұлар «жер астынан жеті қоян тауып» алып, қатты қуанады және олардың етін талшық етіп, қыстан шығады. Қазақ қауымының «жерден жеті қоян тапқандай қуанды» дейтін сөзі осыдан шығыпты. [4, 25 б.]

Қазақ тіліндегі *"қабырғасымен кеңесесу"* тұрақты тіркесінің де шығу табиғатымен байланысты болып келеді. Аңыздарда былай деп келеді: «Құдіреті күшті Алла оны алғашқыда бағбан етіп жаратқан еді, кейін бақташылық жұмысты да қосып беруді қолай көрді. Алла өзінің сүйікті жаратқанын сыртынан бақылап жүріп, оның сұхбаттасатын серігі болмағандықтан көңілі жүдеп

жалғызсырайтынын аңғарды. Алла тағала оны ұйықтатып тастады да, қабырғасын шығарып алып, Хауа Ананы жаратты" (kk.wikipedia.org). «Белгілі анатом Л.Этингеннің көрсетуінше, қабырғадан жаратылу дерегі Библияға дейін, яғни Адам пайда болғанға дейін орын алған. Ежелгі шумерлер (Оңтүстік Қосөзен елі) су құдайы - Энкиге табынған. Бір жолы оның қабырғасы қатты ауырады. Шумер тілінде қабырғаны "ти" дейтін көрінеді, сондай-ақ "ти" - "тірідей туу", "өмір беру" дегенді де білдіреді. Осы кезде Энкиді емдеген Нинти әйел-құдайы пайда болған. Оны "өмір беретін ханым" деп атаған. Осыдан келіп, ежелгі аңыздар Библия баяндауларына да әсер еткен деп жорамалдауға болады. Инквизиторлар Я.Ширенгер мен Г.Инститористің айтуынша, Хауаның жаратылуына қисық қабырға пайдаланылған, сондықтан әйел түрлі кемшіліктерге толы. Толық жетілмегендіктен, ол үнемі алдауға бейім тұрады. Сондықтан, "қабырға" - Хауаның Адамнан пайда болғанын дәйектейтін символ [5, 16 б.].

«Жылан қабықты жігіт» атты ертегіде мынадай сюжет бар: Баяғыда бір кедей шал мен кемпір болыпты. Қолында мал дегеннен жалғыз есегі бар екен. Қалаға отын сатып күн көреді екен. Шал мен кемпірдің жасы алпысқа келгенше бір перзентке зар болып, күні-түні жылап жүргенде шалдың кемпірі айдаһардың етіне жерік болыпты. Шал айдаһарды іздеп келе жатса, бір шаң көрінеді. Жақындаса, қара айдаһар мен сары айдаһар ар-басып-алысып жатыр екен. Қара айдаһар сары айдаһарды өлтіреді. Шал өлген айдаһардың сан етінен кесіп алып үйіне келсе, кемпірі жерігі асып, ауырып жатыр екен. Шал келіп: «Ау, кемпір, сүйінші бер! Жерік асың табылды!» - депті. Аңсап жатқан кемпір орнынан ұшып тұрып, шалдың әкелген етін шикілей жей беріпті. Жерігі қанған кемпір тоғыз ай, тоғыз күнде аман-есен босаған екен. Бірақ бала жыланға ұқсаған екен дейді. Кемпір-шал не де болса ішінен шыққан соң асырай беріпті. «Іштен шыққан шұбар жылан» деген нақыл содан қалыпты» (<http://tale.kazakh.ru/>). Бұл тұрақты тіркестердің шығу табиғатын байқасыңыз, ертегілік-мифтік желілер арқылы қалыптасып, халық санасына әбден сіңіп кеткен. Миф, ертегі арқылы қалыптасқан эталон сөздерді прецедентті құбылыстарға жатқызуымызға болады. Интертекстуалдылық мәселелерін зертеуші ғалымдардың пікірі бойынша, прецедентті құбылыстың символы ретінде көбіне прецедентті атаулар қолданылады екен [6, 156 б.].

Зерттеуші А.Ислам оларды былайша анықтайды: «Кейде мазмұнды еш өзгертпей-ақ не болмаса белгілі бір идиома ретінде қалыптасуға себеп болып, әрі қарай тілімізде қолданысқа түскен сондай типтегі жағдаяттардың өлшеуіш және бағалау мөлшері мен шамасы, параметрі бола алатын тарихи жағдайлар немесе тарихи бір кезеңде белгілі бір рөл атқарған, немесе, белгілі бір тұлғаның, көркем шығарма кейіпкерінің айтқан сөздері, аттары фразеологизмдердің негізін құрайды. Лингвомәдениеттануда ондай белгілі бір социумда белгілі бір ақпарат бекіген атауларды «прецедентті атаулар» деп атайды» [7, 12 б.]. Біз қарастырып отырған фразеологизмдер де тұтастай мәтіннен, яғни ертелік-мифтік сюжеттерден халық санасында бекіген фрагменттер болып табылады.

Көшпенділердің болмыс-тіршілігі төрт түлік малмен тығыз байланысты. Қазақ фразеологизмдерінің ішінде тілге жиі оралатыны күнделікті өмірде жиі қолданылатыны және ең көп кездесетіні де төрт түлік малға қатысты тұрақты тіркестер. «Құлаққа ұрған танадай» тұрақты тіркесінің де қалыптасу уәжі қазақ халқының малға қатысты тұрмыс-тіршілігімен тығыз байланысты. Осы тұрақты тіркестің қалыптасу уәжін мынадай дерек арқылы түсіндіріледі. «Сиырдың жас төлінде «айналшық» деген дерт болады. Оны ғылыми түрде «ценуроз» деп атайды. Олай ауырған мал сенделіп, тұрған жерінде айнала береді. Ертеде қазақтар ауырған малды *жұдырықпен құлаққа қатты соғу* арқылы жазған, сонда есеңгіреп қалған төл, аздан кейін шөп жеп, су іше бастайды. Қазақтың тып-тыныш халді «құлаққа ұрған танадай» деуі содан болса керек. Яғни, о баста мал емдеудің бір тәсілі болған құлаққа ұру, кейін уақыт өте келе бастапқы мәні ұмыт болып, тек тұрақты тіркес түрінде тілден орын алса керек. ҚТФС-да «Құлаққа ұрған танадай» тұрақты тіркесінің тып-тыныш, жым-жырт» мағынасы ғана берілгенін жоғарыда айттық, әйтсе де, кейде көркем әдебиетте осы тіркестің *есеңгіреп қалу* деген нұсқасы да қолданылады. Мысалы: Танк *құлаққа ұрған танадай* есеңгіреп сырт айналып кілт тоқтап қалды. /М. Момышұлы/ Біздіңше, құлаққа ұрған танадай тіркесінің ең негізгі мағынасы – *есеңгіреу*. Бұл мағына ең алдымен теңеу мәнінде қалыптасқан. Академик Ә. Қайдар да бұл тіркестің мәңгіру деген мағына беретінін айтады. Есеңгіреу мен мәңгіру өзара мәндес сөздер. Ал тілімізде полисемиялық құбылыстың нышаны ретінде жалғаса туған «тыныштық, жым-жырт» деген мағынасы жиі қолданылады. Сонда бұл тіркестің екі мағынасы бар: бірі – *есеңгіреу*, екіншісі – *жым-жырт тыныштық*. [3, 17-18 б.б.]

Ала тайдай бүлдіру. Бұл тіркесті түсіндіретін екі нұсқа бар. Оның бірін Ш.Ш.Уәлиханов былайша түсіндіреді: «ала тайдай бүлдірді» мәтелі қалмақтардың аңыздарымен түсіндіріледі. Мен Құлжада ойрат тайпасының бір қарт білгірімен әңгімелестім. Ол маған Хо-Ұрлықтың қозғалысы, ноғайлар мен казактарды жеңуі туралы көне жырларды айтып берді. Бұл кезең туралы қырғыздардың аңыз-әңгімелері қаншалықты қайғылы болса, қалмақтардың аңыз-әңгімелері соншалықты мадақтауға,

мактанышқа толы. Бұл жырдан мен жоғарыда келтірілген мәтелді түсіндірудің кілтін таптым. Ноғайлар қалмақтардың шабуылын күн сайын үрейлене күтетін еді; қалмақтар ноғайлардың күшінен қорқып оларға шабуыл жасауға бата алмады. Кенеттен түнде ноғай ұлыстарында ала тай бас жібін үзіп, үйірде ойран салады. Ноғайлар қорыққандарынан туған жерлерін, малдарын тастай қашады, содан кейін барып қалмақтың тайшасы Сары-Манджу шабуыл жасап, ол жерді өзінікі деп жариялайды» [8, 19 б.].

Аңшылық пен саятшылық негізінде де тілімізде небір тұрақты тіркестер орын алды. Мысалы, *түлкі мінезді, қоян жүрек, арыстандай құтыру, аюдай ақыру, аш күзендей бүгілу, ақ иық болу, түлкі бұлаң, жібек баулы қырандай т.б.* сияқты тұрақты тіркестер – осының айғағы. Осы орайда «алдау» мағынасын беретін мұзға отырғызу тұрақты тіркесінің қалыптасу уәжін айқындауда аңшылық өнеріне қатысты мынадай дерекке сүйенеміз. Аңшылар қасқырды ұзақ уақыт жүйрік атпен сонынан қалмай қуады. Содан кейін қара терге түсіп, шаршаған қасқырды мұздың үстіне қуып тастап, өздері жан-жақтан қоршай тұрады. Әбден әлі құрып шаршаған қасқыр мұзға отырған бетте сол күйінде қатып қалатын. Сондай-ақ қыс және ерте көктемде қызыл су жүріп жатқан кезде «мұзға отырғызу» әдісімен кездейсоқ балаң құйрық аңдарды аулайды. Мұз үстіне шыжық шашып немесе шіріген, көп уақыт әдейі сақталған жемтік, өлекселердің етін мұз үстіне тастайды. Аңның иістенген жемтігі, шыжық мұзға ери сіңіп қатады. Аң жемтікті кеміре шоқып отырып, мұзға жабысып қалады. Осындай алғашқыда аң аулаудың бір әдісі болған аңшылыққа қатысты «Мұзға отырғызу» тіркесі қазіргі «алдау» мағынасын беретін тұрақты тіркеске айналса керек. Бұл уәжді біз түлкінің алдауымен қасқырдың мұзға жабысып қалатын сияқты ертегілік сюжеттерден де кездестіретініміз [ҚЕ II-т. 211б.].

Көптеген тұрақты тіркестердің қалыптасуына қандай да бір шындықтың арқау болатынын ескерсек, жоғарыда аталған «*мұзға отырғызу*», «*сазға отырғызу*» сияқты тұрақты тіркестерге негіз болған түлкі айласының тағы бір қыры «*жер соқтыру*» тұрақты тіркесінде де байқалады. Түлкі қашуға мұршасы келмей сасқанда, дереу тұра қалады да, бүркітке қарай арсылдап, тісін қайрап ырылдайды. Көктен төніп келе жатқан бүркітке құйрығын көлденең тартып, алдағысы келеді. Мұндайда өзіне сенген бүркіт болмаса, оның шабуылы сәтсіздікке ұшырап, түлкі құтылып кетеді. Осылай өз жауына көрсеткен түлкінің қарсылық айласын құсбегілер «керу» деп атайды. Сондықтан өте айлалы, әдісқой бүркіт болмаса, керген түлкіні ала қою оңайға түспейді. Өйткені жоғарылап барып, қайта шүйілген құстың екпіні өте қатты болады да, жерге жақындап қалғанда, өзін тежеу мүмкіндігі де азая түседі. «Қыранның екпінін мұқият байқап, көріп тұрған түлкі бүркіт аяғы өзіне тие бергенде ыршып кетеді де, қыран өз екпінімен барып, жерге, тасқа, ағашқа соғылады. Егер құс жерге қатты соғылса, мертігеді, өледі. Керген түлкінің айласынан болған осы сәтсіздікті құсбегілер «*жер соғу*», «*жер соқтыру*» деп атайды. Мұндай әдіспен алданып қалу көбіне айласы аз, әлсіз бүркітте немесе табиғи тәрбие көрмеген қолбала бүркітте көбірек кездеседі». Яғни «Айлалы түлкі алдырмас» дегендей түлкінің осындай бір айласының негізінде біздің тілімізде аңшылықта қатысты *алдау* мағынасын білдіретін тұрақты тіркес пайда болса керек [3, 19-20 б.].

Аңдарды аулаудың тағы бір әдісі – қыс кезінде қамыстың басын қырқып, мұз бетінде сояуын қалдыру. Мұндай әдіске қоян арандағыш келетін сияқты. Қазақтың «ерді намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деуі содан. Бұл әдіс қазірге дейін қолданылады. [9, 86 б.].

Бүркіт өзге құстардай, жыл сайын ескі жүнін тастап түлейді. Жаксы түлету үшін, қазақтар оған «ақ жем», қанынан арылтып, шикі етті береді. Сонда бүркіт тез арықтайды, арықтаса тез түлейді. Иесі бүркітке алғаш аңның жүрегін жұтқызады. Оның аты «тоят». «Тоят» алған бүркіт көңілді ұшады. Бүркіт кейде өзі алған аңның етін терісімен, жүнімен тұтас жұтып, содан «қоя» немесе «қояба» деген ендікпе ауруға ұшырайды. Бүркіт жаз түлеген кезінде тышқандармен қоректенеді де, олардың кейбір кішігірімін тұтас күйінде қылғудан да қояба болады. Одан жазу оңай: адамның несесіне араластыра жентектеген қарды асатып жіберсе, бүркіт құсады, сонда томалақтанған қояба түсе қалады. Кейде сөзден шатасқан біреулерді «қоябасын шығарды» деп реніш білдіру осыдан қалған [5, 90-91 б.].

Салт-дәстүр, наным-сенімдер негізінде қалыптасқан тұрақты тіркестердің алғашқы қалыптасу уәждері. Қытайдың «Сүй патшалығы тарихында» ертедегі түріктердің жерлеу дәстүріне байланысты мынадай деректер бар екен: «Түріктер жерлеу салтына қатты мән береді. Олардың жерлеу салты үш сатыға бөлінеді: алдымен мәйітті киіз үйге қояды, өлген адамның туыс-туғандары қой (асы үшін), жылқы (мініс үшін) сойып, мәйіт қойылған киіз үйдің алдына ас береді. Онан соң атқа мініп, үйді жеті рет айналады. Мәйіт қойылған үйді бір рет айналып, есік алдына келгенде пышақпен беттерін тіліп, қанды жастарын ағыза, дауыстап жылайды. Осы ырымды жеті рет қайталағаннан кейін аяқтасады. Сонан кейінгі бір сәтті күнде өлген адамды және оның тіршілігінде қолданған заттарын өрттеп, күлін жинап уақыт келгенде көмеді...Сүйек күлін жерлеу салты төтенше салтанатты болады.

Онда ас беру, беттерін тіліп қанатудан тыс, бағана орнатып, мүрде жасайды. Сүйек күлін тас табытқа салғанады екен. Осы деректерге қарап, кісіні айналуға болмайды деген тыйымның неге айтылатынын аңғаруға болады. Қазақ тіліндегі «бетің жырту», «бетің тіліңгір», «көзіңнен қанды жас аққыр» қарғыс мәнді сөздерді, күлінді көкке ұшыру, күл қылып жіберу осы салтқа байланысты туындаған тәрізді [1, 121].

Күлін көкке ұшыру – тіркесінің пайда болуына байланысты деректі А.Сейдімбек те айтқан. Бұл тіркестің тілімізде сақталып келуін ғалым тарих қойнауларындағы тамырлы мәдениеттің бір кездегі ортақ бастауын көшпелілер әлемінен іздейді. Қос өзен (Әму мен Сыр) арасындағы көне қорғандар мен мазарлар бір кездегі 2-3 мың жылғы мәдени айғақтар белгісі. Сондағы «Шылпық қорғанында өлген адамды өртейтін орын болған. Бұл дәстүр кейін Иран мен Индияға ауысты. Тіліміздегі «күлін көкке ұшырамын» немесе «күлінді көкке ұшырайын ба?» деген тұрақты тіркестің астарында сол көне рәсімнің жаңғырығы жатыр» [10, 183-184].

Қорыта келгенде, фразеологизмдерде этностың танымдық білімдері жинақталады. Фразеологизмдердің шығу мотивтері көшпелі өмір салтымызбен, аңшылық өнермен, діни ғұрыптармен, мифологиямен тығыз байланысты. Алайда олардың шығу тарихы бұлармен ғана шектелмейді. Біз мақаламызда тек төрт арнаға ғана шолу түрінде тоқталдық. Байқағанымыздай, тіл білімін басқа ғылым салаларымен байланыстыра отыра, фразеологизмдердің танымдық табиғатын, пайда болу мотивтерін тереңірек ашып көрсетуге болады.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қ.Ғабитханұлы. Қазақ мифологиясының тілдегі көрінісі. – Алматы: Арыс, 2006. – 188 б.
2. З.Ержанова. Қазақ қолөнеріне байланысты фразеологизмдердің этномәдени аспектісі: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2010. – 29 б.
3. Хазимова Ә.Ж. Қазақ фразеологизмдерінің ұлттық-мәдени аспектілері: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 30 б.
4. Қазақтың мифтік әңгімелері. - Алматы, «Ғылым», 2001. – 398 б.
5. Байғұтова М. Қазақ әйелі концентісінің этномәдени сипаты: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2008. – 35 б.
6. Адилова А.С. Қазіргі көркем мәтіндердегі цитация құбылысы немесе мәтін ішіндегі мәтін: Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2012. – 262 б.
7. Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті: фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2004. – 52 б.
8. Байтелиева Ж. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Фил. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 28 б.
9. С. Мұқанов «Халық мұрасы». Алматы, «Қазақстан», 1974. – 304 б.
10. Г. Смағұлова «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық-мәдени аспектілері», Алматы, «Ғылым», 1998. -215 б.

Бажикеев К.К., академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, филология факультеті, КЯИЛ-21 тобының магистранты
(*Ғылыми жетекшісі – ф.ғ.д., профессор Смағұлов Ж.Қ.*)

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӘЛИХАНТАНУ НЕГІЗДЕРІ

XX ғасыр басындағы қазақ халқының саяси көсемі, ұлт лидері, «Алаш» партиясы мен «Алашорда» үкіметінің төрағасы, энциклопедист-ғалым Әлихан Бөкейхан есімі араға ұзақ уақыт салып елімен қайта қауышты. Бұл әдебиетші, тарихшы, зерттеуші ғалым-мамандарымызға күрделі де қиын кезеңде ғұмыр кешкен, бір басына сан түрлі өнер мен ғылымды жиған, қиын-қыстау заманда ұлтының ұйытқысы, халқының ұстазы бола білген осынау тұлғаның елі үшін еткен еңбегін саралау, қалдырған мол мұрасын зерттеу мен тарихи тұлғасын тұтас халыққа таныстыру сынды келелі мақсат-міндет жүктеген болатын. Бүгінгі күнге шейін ұлт лидерінің сан алуан ғылыми-шығармашылық мұрасын зерттеуде, оны насихаттауда ұлттық әдебиеттану мен тарихнамада біршама зерттеу еңбектері мен мақалалар жарық көрген болатын. Әлихантануда Р.Нұрғали, М.Базарбаев, М. Қойгелдиев, Т. Кәкішев, С. Аққұлұлы, Т. Жұртбай, Д. Қамзабекұлы, Ж. Смағұлов, Б. Қойшыбаев сынды ғалым-зерттеушілердің еңбегі ерекше. Аталған әдебиеттанушы, тарихшылар зерттеулері негізінде ұлт көсемі ғұмыр кешкен дәуір, Алаш қозғалысы, Ә.Бөкейханның ғылыми-әдеби мұралары жан-жақты